

Заманның қиындығын жеңіп шығар,
Рух пен иман берсін қазағыма [1;40].

Әдебиеттер:

1. Қазіргі айтыс. Құраст.: И. Нұрахметұлы, С. Дүйсенғазин – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2004. – 312 б.
2. Пендеге иман өзі ашады жол. – Алматы, 2006. – 336 б.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2003. – 296 б.

Статья посвящена воспитательным вопросам, затра-

гиваемым в айтысе, а также воспитательной роли искусства айтыс. Религиозное мировоззрение поэтов передается слушателям с помощью слова. Роль поэтов-импровизаторов заключается в том, чтобы своими песнями донести до слушателей злободневные проблемы общества. Приводятся примеры из глав Корана о культуре речи и нравственности. В данной статье проанализированы строки песни современных поэтов-импровизаторов, касающиеся нравственности.

This article is about the educational sense of art aitys, concretely the theme is the religiousness. It was written about the way of poets to convey the listener the religious consciousness and religious view. In lines of poetry it was spoken about the role of poets in telling about today's problems of society. There are verses and suras of Koran about religiousness how to talk right express thoughts. In this article are given and have been discussed lines of poets' poems about the religiousness.

Қазақ батырлар жырларындағы «Адам» концептісі

Ж. С. Ергубекова

А. Ясауи атындағы ХҚТУ-дің PhD докторанты, Түркістан, Қазақстан

Аннотация. Мақалада эпикалық фольклор мәтінінде адамның жалпы және жекелеген кейіпкерге байланысты бейнелері жасалынатындығы, бұл бейнелердің когнитивтік лингвистикада адамның тілдік концептуалдық моделі ретінде зерттелінетіндігі айтылды; эпикалық «батыр» концептісіне лингвомәдениеттанымдық және лингвокогнитивтік талдау жасалып, концептілер жүйесінде қарастырылды.

«Адам» концептісі – батырлар жырында тікелей «батыр» концептісі. «Батыр» концептісі батырдың асынған қару-жарағы, мінген аты, бірге туған бауыры, батырды, яғни балаларын құдайдан сұрап алған атасы мен анасы, сүйген аруы концептілерімен толығады. Сонда «батыр» концептісі тек жеке бір өзі емес, оны қоршаған ортасымен берілуі тиіс, олардың әрқайсысы жеке-жеке концептілер жүйесі болып табылады. Бұл концептілердің біразына мақалада талдау жасалынды. Олар «батыр» концептісінің микроконцептілері болып есептелінеді.

Қазақ эпикалық фольклорының лингвоментальды кеңістігінде «адам» концептілері басты орын алады деп айта аламыз. Бұлай дейтініміз, эпикалық фольклордың басты кейіпкері – адам болып табылатындығында: эпикалық мәтінде адам туралы, адамға қатысты оқиғалар жайында баяндайды. Қазіргі когнитивтік лингвистиканың ұстанымдары бойынша бүкіл тілдің негізгі сипаты – оның антропоэкетілігі, яғни «Тіл мен адам» біртұтас құбылыс немесе бір құбылыстың екі жағы. Когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану

т.б. тіл білімінің салалары антропологиялық лингвистика идеялары, қағидалары мен арналары арнасында қалыптасып дамыды.

Эпикалық фольклор мәтінінде адамның жалпы және жекелеген «кейіпкерге байланысты» бейнелері жасалынған, бұл бейнелерді когнитивтік лингвистикада *адамның тілдік концептуалдық моделі* ретінде қарастыруға болады.

Адамның концептуалдық моделі эпикалық фольклордағы лингвоментальды кеңістігінің, яғни концептосферасының белгілі бір құрылымдық бірлігі болып табылады, сондықтан эпикалық фольклорлық мәтіндеріндегі адамның концептуалдық моделін біз *эпикалық адамның концептуалдық моделі* деп атаймыз. Адам бейнесінің қалыптасу ортасына және тарихи-генетикалық сипатына қарай эпикалық, ортағасырлық, немесе көне түркі, заманауи, әлеуметтік, этникалық, әдеби (романдардағы немесе поэзия, драматургия т.б. шығармалардағы) адамның концептуалдық моделі деп ажыратып қарастыруымызға болады. Адамның осы тілдік концептуалдық модельдерінің бір-біріне ұқсамайтын өзгешеліктері және айырма-

шылықтары бар, сонымен қатар оларды (бір-екі немесе бірнеше түрлерін) біріктіретін сипаттар аталмыш модельдердің бойынан табылып қалады.

Эпикалық концептілердің өзіндік тілдік көріністері бар, яғни концепт вербалданады (сөз, дискурс, мәтін арқылы), мәтіннің лингвокогнитивтік кеңістігінде репрезентацияланады. Эпикалық «адам» концептілерінің лингвомәдени ментальдік мазмұнында ұлттық құндылық (аксиологиялық) жүйесінің элементтері мен бірліктері орын алған. Эпикалық адамның концептуалдық тілдік моделінің өзі осы тұрғыдан алғанда *аксиологиялық модель* болып табылады, өйткені қазақ этносының адамға деген идеалды көзқарастары осы модельде келтірілген. Концептілерде-күрделі ментальді құрылымдарда да белгілі бір мәдениетке тән мәндер, құндылықтардың доминанттары өз көріністерін береді, ал енді сол аталмыш мәндер мен доминанталар (құндылықтар жүйесінің негізгі ұстанымдары) мәдениеттің белгілі бір типін қалыптастырады және тілде сақталады [1, 5].

Қазақ батырлар жырларындағы әлем бейнесінің негізін «адам» концептісі құрылымдайды, өйткені эпикалық жырлардағы барлық оқиғалар, сюжеттер, көріністер қалай болса да, адаммен (эпикалық шығарма кейіпкерлерімен) байланысты болып келеді. Адамға қатысы жоқ деп есептелінген концептілердің өзі адамның санасынан, түсінігі, танымы елегінен өтеді, сол себепті мәдениет категориялары мен концептілерінің бәрінде адам, адам таңбасы бар деп айта аламыз.

Когнитивтік лингвистика терминологиясымен айтатын болсақ, «батыр» концептісінің лингвомәдени мазмұнына батырға тікелей және жанама қатысы бар барлық эпикалық (сюжеттік, композициялық, эстетикалық, тақырыптық т.б.) құрылымдар мен бірліктер еніп кетеді. Осындай бірнеше немесе сан алуан мәтінде мазмұндық мәліметтер «батыр» Концептісінің өзегі болып табылатын батыр бейнесінің төңірегінде топтасады. Мәселен, «Оқиғаның ертегілік, тарихи болып жіктелуіне қарамастан, сюжет көбіне Алпамыс төңірегіне құрылған.

Сюжет оқиғалары лингвокогнитивтік тұрғыдан қарастырғанда, концепт-фрейм, концепт-сценарий ретінде зерделенеді, яғни олар – лингвоментальді бірліктер және сол сипатында, түптеп келгенде, «батыр» концептісіне қызмет етіп, аталмыш концептінің лингвомәдени мазмұнын толықтыра түседі.

«Батыр» (эпикалық батыр) концептісінің лексикалық тірегі (өзегі) болып табылатын *батыр* лексемасының «Қазақ тілі түсіндірме сөздігінде» (II том) берілген анықтамасында былай делінген: **Батыр**, ел қамы үшін жаумен сайысқан тарихи қаһарман, эпостық жырлардың геройы, алып ер. *Құртқа сынды сұлуды Қобыландыдай батырға берейін деп жатқанын Қырық бес Қызыл ер хабарын мұның есітті.*

С.И.Жапақовтың «Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері» атты кандидаттық диссертациясында *батыр* концептісіне мынадай түсінік беріледі: **Батыр**, қаһарман басына дулыға киген, қылыш асынып, қапқан ұстаған алып ер; Тұлпар мінген, найза, қалқан бөктерген, қылыш асынған дулыға киген алып денелі адам; жаудан елді қорғайтын қаһарман [2, 35].

С.И.Жапақовтың көрсетіп отырған «батыр» концептісі объектісінің қарапайым ойсуреті – ойсурет концептісі («мыслительная или наивная картинка мира») батыр лексемасындағы кейбір семалар осы концептіде қайталанып отырады: «алып», «ер», «елді жаудан қорғау», «қаһарман» т.б. [2, 35]. Аталмыш семаларға қатысты «батыр» концептісінің лингвоментальді мазмұнында көптеген когнитивтік, тілдік, фольклорлық, этномәдени ақпараттар мен мәліметтерді табуға болады, ол ақпараттар мен мәліметтер фольклор мәтіндерінің кеңістігінде және оның сыртында (мәтіндерден тыс) қазақ дүниетанымында, этнос болмысында, рухани және материалдық мәдениетінде табылатыны анық. «Батыр» және де басқа этномәдени эпикалық концептілерінің лингвокогнитивтік (лингвомәдени) мазмұнын реконструкциялауға, яғни жаңғыртуға жоғарыда аталған мәтіндік және экстралингвистикалық лингвоментальді мәліметтердің қажеттілігі айтпасак та түсінікті. «Эпикалық батыр» концептісінің этномәдени мазмұнын толықтыра қамтитын және сипаттайтын микроконцептілердің құрамында түрлі типтік және тақырыптық микроконцептілер болатыны анық. Мәселен, «Қобыланды батыр» немесе «Алпамыс батыр» жырларындағы батырға қатысты көптеген оқиғалар микроконцепт-сценарийлерге тірек (өзек) болып саналады, өйткені концепт-сценарийлердің лингвокогнитивтік (этномәдени) мазмұны оқиға, іс-әрекет, сюжет арқылы ғана ашылады және сипатталады.

«Батыр» концептісіне қатысы бар тақырып-

тық микроконцептілерге, мәселен, «тұлпар (батыр тұлпары)» этномәдени микроконцептісін жатқызуымызға болады. Қазақтың эпостық жырларында батырға тұлпар мінгізіп, ту ұста-тады.

Қобыланды батыр:

Тұлпар мініп, ту алған,

Барған жері қуанған,

Кеткен жері қуарған.

Тұлпар, қазанат эпикалық қаһарманның бірден-бір атрибуты.

Алпамыс батыр:

Алтын бауыр Шұбардың

Басын жолға салады,

Бір күн шапса шұбар ат,

Айшылық жолды алады.

Қазақ батырлар жырларындағы «тұлпар» этномәдени концептісінің өзіндік лингвоментальді мазмұны бар: онда көне мифологиялық, тарихи, этнологиялық т.б. мәліметтер тұлпарға, яғни жылқыға қатысы бар және тұлпар концептісі батырлар жырларындағы әлемнің тілдік бейнесін құрастырушы лингвокогнитивтік құрылымдардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, эпикалық «тұлпар» концептісі эпикалық қаһарманның бейнесін сомдайтын, суреттейтін және сипаттайтын лингвоментальді бірлік ретінде қызмет атқарады, себебі тұлпар мен оны мінген батырдың бейнесі егіз, бір-бірінен ажыратылмайды.

Эпикалық «батыр» концептісіне қатысы бар тағы бір этномәдени концепті – «қару-жарак». Эпикалық батыр бейнесінің тұрақты атрибутының бірі және бітегейі – оның қару-жарағы. С.Жапақовтың пікірінше: «Қазақ этносы басынан өткерген бір кездегі лингвомәдени қоғамдастық мүшелерінің ментальды дүниесінде қаһарман модусын, біздіңше а) дулыға, сауыт киген; ә) жау жарақтарын асынған (қалқан, садақ, найза-қылыш, шоқпар); б) қазанат мінген тұлға түрінде көрсетуге болады» [2, 50]. Ер Тарғын жырындағы эпикалық батырдың бейнесін С.Сейфуллин былай етіп суреттейді: «Жал-құйрығы сүзілген, бауырынан жараған, жер тарпып жұлқынған сәйгүлік ат. Ол аттың үстіндегі ақ кіреуке, қынама сауытты, темір дулығалы, алмас қылышын жарқылдатып, желекті найзасын шүйірген жауынгер».

Академик Р.Сыздық қазақ эпосындағы қару-жарак атауларының поэтикалық (эстетикалық) сипатына назар аударады: «Әсіресе қару-жарак атауларында батырдың, оның ата-анасының, сүйген жарының портреттерінде, астына мінген атының суретінде т.т. орын алады. Мысалы,

ауыз әдебиет үлгілерінде қару-жарак, сауыт-сайман атаулары ешқашан бір өзі дара аталмайды, олардың алдына сан алуан, көбінесе тұрақты эпитеттер жүреді: *бұлғары садақ, бұқар жай, балдағы алтын ақ берен, алтын құндақ ақ берен, көк сүңгі, бадана көзді ақ сауыт, шашақты найза, алтын қалпақ, жез телпек, шар болат, қозы жауырын жебе, алмас қылыш, ақ қара бас ту, тобылғы тор ат, сегіз құлақ ақ шатыр* т.б. Бұл, біздің байқауымызша, қазақ ауыз әдебиетінің тіліндегі көркемдеуіш амалдардың көзге түсер ерекшелігі қазақтың ауызша дамыған әдеби тілі, яғни қазақтың ХҮ-ХІХ ғасырлардағы ақын-жыраулары берік сақтап келген» [3, 38].

Эпикалық этномәдени концептілер этнос (лингвомәдени қауымдастың) танымы тәжірибесінің белгілі бір нәтижесі мен туындысы болып келеді, өйткені этностың (адамның) танымы мен білімі сөзде, материалдық және рухани мәдениеттің туындыларында, әдет-ғұрыптарда, ритуалдарда, тілдік мәтіндерде, паремиялогиялық және фразеологиялық қорда, жалқы есімдерде т.б. сақталған.

Эпикалық этномәдени концептілерді біз бірнеше түрге бөлуге болатынына көзіміз жетті. Мәселен, «адам» концептісі өз кезегінде «ер» және «әйел» концептілеріне бөлінсе, «ер» концептісін «батыр», ал «әйел» концептісін «батырдың қалыңдығы» т.т. тармақтай беруге болады. Мұндай бөлу гиперо-гипонимиялық дифференциацияға жатады, яғни тек-түрлерге (род-вид) бөлінеді. Гипероним – тектік сипаттағы нысанды (құбылысты) білдіретін болса, гипоним – түр сипаттағы нысан (құбылыс). Сонда «адам» - гипероним, ал оның гипонимдері – «әйел» мен «еркек» т.т.

Б.М.Тілеубердиев пікірінше, «адам» концептісі – күрделі құрылым және «ер», «әйел» концептілерінен құралады, өз кезегінде «ер» концептісі «мерген», «батыр», «кеже бала», «тазша», «жетім» концептілерге бөлінеді. «Ер», «батыр», «әйел», «мерген», «кенже бала», «тазша» т.б. концептілерде негізгі (актуалды) өзек немесе сипат, мән сақталады: ол – «адам», ал аталған адам түрлерін көрсететін концептілерді диахрониялық тарихи концептілер ретінде қарастыруға болады, өйткені онда ұлттық концептіге енген тарихи (пассив) сипаттағы тектік лингвоментальды бүкіл ақпараттар бар [4, 118-119].

Қазақ батырлар жырларындағы адам жайындағы гипонимиялық концептілер негізінен эпикалық персонаждарға қатысты қалыптасқан

және құралған, сол себепті оларды персонаж есімімен де атауға болады: мысалы, «Құртқа» этномәдени концептісі, «Алпамыс батыр» концептісі т.т. Эпикалық персонаждар сюжетте белгілі бір орны мен мәні бар екені белгілі, сонымен қатар қаһармандық эпостағы тұлғалар ғасырлар бойында жинақталған таным тәжірибесінің нысаны, фольклорлық мәтіндердегі көрінісі іспетті. Эпикалық шығармалардағы әр бейне – халқымыздың рухани танымымыздың қайталанбас жемісі мен үлгісі. Осы тұрғыдан алғанда, эпикалық этномәдени концептілер – ұлтымыздың тарихи жадының бірліктері болып табылады.

Эпикалық этномәдени (гипонимиялық) «батыр» концептісінің лингвоментальды құрылымын құрайтын және қалыптастыратын бейнелер (оларды концептілер түрінде де қарастыруға болады) Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын, Қамбар т.б. бейнелері.

Қобыланды бейнесінің сипаттамасы эпикалық қаһарманның басты функциясына қызмет етеді: батыр бүкіл халықтық мүдделер үшін күреседі, ол – ержүрек, адал, жеңілісті білмейтін құтқарушы – жауынгердің идеалы.

Бейненің басты сипаты – батырдың бірегейлігі, «еш теңдесі жоқтығы». Басқа қаһармандық жырлардағыдай, батыр балалық шағында небір күшті батыр палуандарды жеңеді, одан асқан күшті жауынгер төңірегінде табылмайды. Поэмада «жалғыз жауынгер» дәстүрлі мотив сақталған. Жырдың басынан аяғына дейін батырдың өзі және де басқа персонаждар ол (Қобыланды) ата-анадан жалғыз екенін, жалғыз өзі жауға аттанғанын немесес соғыс алдында жалғыз өзі қалғанын үнемі айтып келеді; Қобыландының не ағасы не інісі жоқ, сүйенері, жәрдем берері жоқ. Көп жағдай ол жалғыз өзі мындаған жау әскерімен соғысады және жау батырын жеңеді.

Қобыланды батыр бейнесін лингвомәдениеттанымдық және лингвокогнитивтік тұрғыдан сипаттау барысында «не себеп Қобыланды батыр жалғыз жауынгер түрінде көрсетіледі», сөйтіп суреттеуге қандай негіз бар деген сауалға жауап беруіміз керек. «Жалғыз жауынгер» мотиві фольклорлық дәстүрлі мотив деген түсіндірме (жауап) когнитивтік лингвистика мамандарын қанағаттандыра алмайды.

Эпикалық батырдың «еш теңдесі жоқ» сипаттары, гиперболикалық күші мен қару-жарағының кереметтілігі, «жалғыз жауынгер» түрінде суреттелуі т.б. қаһарман бейнесінің антологиясында, генезисінде жатыр деп есеп-

теуімізге тура келеді. Сырт көзбен қарағанда, эпикалық батырды бұлай етіп суреттеу – фольклорлық шығарманың лингвопоэтикалық жүйесінен табылатын ерекшеліктеріне, яғни фольклорлық, эстетикалық дәстүрге байланысты болып көрінгенімен, эпикалық батырдың бұл сипаттары алғашқы адам, демиург, мәдени қаһарман сипаттарына негізделеді және бастау алады. Мифологиялық дүниетанымда эпикалық батырдың прототипі болған мифтік қаһарман алып (космостық масштабта) алып адам болған, ол садақ пен жебелер арқылы аспан әлемін (космосты) реттеген, алғашқы адам болғандықтан, ол жалғыз еді т.т.

Эпостың көптеген сюжеттерінде батыр аты елеулі орын алатынын зерттеушілер атап көрсеткен. Дала халықтарының тұлпарға (жылқыға) деген ерекше көзқарасын А.П.Окладников былай түсіндіреді: «... Бұрынғы замандарда әскери аттың (әскери атты қолдың) маңызы өте зор болған, сондықтан да эпикалық мәтіндерде жылқы (батыр аты) белсенді тұлғалардың бірі. Сонымен қатар, тереңде жатқан тотемистік жылқы культін және қорғаушы-пір жылқы бейнесін ұмытпауымыз керек» [5, 6 б].

Түркі және монғол халықтарының өткен тарихына көз салсақ, олардың ментальдық танымында атты ер адам жайында мынадай түсініктерді байқар едік: «Түркі және монғол эпосында көшпелілер мен жартылай көшпелілер қоғамына тән мынадай дәстүр айқын байқалады – ер адамға жаяу жүру және атсыз болу жат нәрсе. Бұл дәстүр өте терең тамыр жайған, осыны эпостан ғана емес, сонымен қатар көне жазба ескерткіштерінен де көруімізге де болады. М.И.Артамонов Аммиан Марцелиннің көшпелі ғұндар мен аландар жайында қалдырған мәліметтерін келтіреді: олар туа біткен аттылар екенін және өмір-салты ұқсас екенін көрсеткен. «Аландарда балалар ерте бастан атқа мініп жүреді, жаяу жүруді олар ұят санайды», ғұндар да аттың үстінде өседі және тек ат үстінде соғысады (Артамонов). Көне заманда көшпелілерді кентаврлар деп түсінген (Плетнева). Сондықтан да түркі және монғол халықтарында атты иесімен бірге жерлеу дәстүрі болған; эпоста бұл ереже сақталады – ержүрек жаудың өзін атымен бірге жерлейді (Гесер) [5, 241 б.].

Эпикалық батырды ақ сұңқармен теңестіру зерттеушілердің пікірінше, «тұрақты поэтикалық формула». А.Т.Бақтыбаеваның пайымдауынша: «Екі халықтың (қазақ пен орыс) эпосына тән дәстүр – троптарды қолдану.

Соның ішінде жыртқыш құстарға батырды теңеу троптардың белгілі бір тобын құрайды. Бұл салыстырудың негізінде психологиялық параллелизм құбылысы жатыр, яғни сұңқар іс-қимылдар әрекеттерінің репертуары. Осыған орай айта кететін жай – салыстыру, теңеу үшін тек құстар бейнелері қатыстырылмайды, солармен қоса жануарлар (батыр – арыстан, батыр – бөрі) және өсімдіктер (батыр – богатырь – емен) бейнелер пайдаланылады. Мәселен, Қобыланды сұңқармен салыстырылады. Оның ерекшелігі мынадай антитеза арқылы көрсетіледі: «Сен – сұңқар, біз – қарға». Қобыландының баласы Бөкенбай сұңқар бейнесі арқылы суреттеледі:

Фольклорды поэтикалық жүйе ретінде қарастыратын болсақ, А.Т.Бақтыбаеваның бұл тұжырымы өте дұрыс. Алайда, бір кездерде (өте-өте ерте замандарда) қазір фольклорлық, яғни поэтикалық (эстетикалық) шығармалар (мәтіндер) саналатын туындылар мифологиялық мәтіндер болған, яғни онда мифтік таным мен білімдер орын алған – қазір «миф», яғни «жалған» деп есептелетін дүниелер көне адамдар күмәнсіз сенетін білім – ақиқат көздері болған. Егер «сұңқар» бейнесі сол ежелгі замандардан қалған болса, онда когнитивтік лингвистика тұрғысынан бұл бейнеге, бұл теңеуге мүлдем басқа түсінік беруге тура келеді.

Эпикалық «батыр» концептісіне жүргізілген лингвомәдениеттанымдық және лингвокогнитивтік талдау көрсетіп отырғандай, негізінен батыр үш басты сипатқа ие; біріншіден, ол «теңдесі жоқ адам», яғни құдай жаратқан, «құдай қолдаған», «таңдаулы», басқа адамдардан оқшау тұратын тұлға; екіншіден, ол ержүрек, өте батыл, қарулы адам; үшіншіден, ол ел қорғаушысы, ел қамын ойлайтын адам. Бір қызығы, көне түркілер заманындағы қағандар халық танымында осы (жоғарыда аталған) негізгі үш сипатқа ие болған немесе ие тиісті болған. «Олардың (қағандардың – Е.Ж.) сипаттамалары үш жайтқа міндетті түрде сәйкес болуы тиіс еді.

Осыған қарағанда, көне түркілер лингвомәдени қоғамдастығында, халық арасында, халық танымында кәміл (идеальный) адам немесе батыр, немесе қаған (билеуші) осы негізгі үш сипатқа ие болуы тиіс, яғни бұл идеалды адамның сананы эпикалық батырдың бейнесі аталмыш сипаттарға қатысты сомдалады, сонымен бірге оның жеке басты, қарапайым адами сипаттамалары бір екенін эпикалық көркем мәтіннің мазмұнынан көре аламыз.

Дегенмен, эпикалық батыр - ерекше «теңдесі жоқ» адам. Зерттеуші С.И. Жапақов қаһармандық эпостағы батыр бейнесін «ирреалды бейне» деп атайды: «Эпикалық жағымды қаһармандардың бейнесі белгілі бір стереотиптерге құралады. Қаһарман суға салса батпайды, отқа салса жанбайды, кессе қылыш, атса оқ өтпейді. Бұдан қаһарман ерекше қасиет иесі деген концептуалды семантиканы байқаймыз. Эпикалық қаһарманның байырғы тілдік ұжым санасында мұндай ирреалды бейнесінің қалыптасуында өзіндік қисын жоқ емес. Олай болатыны қаһарманның ата-анасы перзент көрмей, «әулие» кезіп, «әулиеге түнеп» әулие-әмбиелердің жаратушы хақтың сұрауымен жалған дүниеге келеді» [2, 51 б.].

Қазақ батырлар жырларындағы «адам» концептісі өз кезегінде «батыр», «батырдың қалыңдығы», «анасы», «әкесі», «дүшпандары (жаулары)» т.б. концептілерге бөлінеді. «Батыр жаулары» концептісіне қатысты төмендегідей мәліметтер назар аударарлық: «батыр жаулары көп-ақ; этикалық канондарға сәйкес олар орасан күш иесі және оқ тисе - өлмейді, қылыш шапса-өтпейді», кейбіреулері гротекс түрінде суреттеледі, ол Алшағырдың жақтастары, алып қызылдердің ұлдары Ағынас пен Тоғынас. Олар Қараспан тауындай алып – дәулер. Қарадәудің басы қазандай. Қобыланды Қазан ханмен жекпе-жекке шығар алдында оны «биіктегі тау асуы» деп Қазанның тектілігін және алып батыр екенін өз сөзінде айтады.

Сонымен, эпикалық этномәдени концептілер этнос (лингвомәдени қауымдастық) танымы тәжірибесінің белгілі бір нәтижесі мен туындысы болып келеді, өйткені этностың (адамның) танымы мен білімі сөзде, материалдық және рухани мәдениеттің туындыларында, әдет-ғұрыптарда, ритуалдарда, тілдік мәтіндерде, паремиологиялық және фразеологиялық қорда, жалқы есімдерде т.б. сақталған. Когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарағанда, қаһармандық эпостағы әр бейне – ментальды таным, көзқарас, келтірімдердің, рухани тәжірибенің, этнос болмысының сана айнасындағы көрінісі – сондықтан да эпикалық бейне (образ) лингвоментальды құрылым ретінде қарастырылуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепт, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.

2. Жапақов С.И. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері: филол.ғыл.канд. дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2003. – 107 б.
3. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы.: Санат, 1997 – 224 б.
4. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 208 б.
5. Липец Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. М.: Издательство «Наука», 1984. – 262 с.

* * *

Концепт «человек» занимает центральное место в лингвоментальном пространстве казахского эпического фольклора и в героическом эпосе представляет собой по сути концепт «батыр» (эпический герой). Концепт «батыр» формируется и дополняется такими концептами, как «во-

оружие батыра», «конь батыра», «бездетные родители батыра, вымолившие его (батыра) у бога», «любимая красавица-жена». Концепт «батыр» представлен, как мы видим, и другими концептами, в совокупности формирующие его целостной образ. Часть названных концептов подвергнута анализу в настоящей статье. Эти концепты по отношению к концепту «батыр» являются микроконцептами.

* * *

The conception of “human” takes the main role in lingvo-mental space of Kazak epic folklore.

In heroic poems the conception of “Human being” is simply “Hero”. The conception of “Hero” is filled with such conceptions as hero’s weapons, his horse, his brother or sister, his parents and his sweetheart. So, the conception of “Hero” exists not only by itself, it is given with its environment, and each of them is considered to be a concept, the so called microconception. And this article deals with some of these conceptions.

М.Мақатаев өлеңдеріндегі және қазіргі қазақ поэзиясындағы діни сарын көріністері

Д. С. Ибраева

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың II курс магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы діни сарын мәселелері қарастырылады. М.Мақатаев поэзиясындағы кезінде жариялауға тыйым салынған діни өлеңдері талданады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ поэзиясындағы орта буын және жас ақын шығармаларындағы діни сарын көрініс тапқан өлеңдері зерттеліп, соның ішінде Т.Көпбаев, С.Қосан, А.Елгезек поэзиясынан мысалдар келтіріледі.

Кеңестік дәуірде халқымыз бұрынғы қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарынан біртіндеп айырылып, діннен де аластатылды. Кеңес заманындағы мұндай қайшылықтар әдебиетіміз бен мәдениетімізге өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Көркем әдеби туындылар болсын, ғылыми зерттеулер болсын барлығы дерлік тілінің бөлектігі ғана болмаса, мазмұны түгелдей кеңестік идеологияның ықпалына бағынды. Көркем әдебиет қоғамның міндеттерімен тікелей байланыстыра қаралып, онда адамзат игілігіне жарайтын жалпы ортақ мәселелер көтерілмеді. Бұл процесс – әдебиетті өзінің даму заңдылықтарынан айырды. Әдебиетте идеологияға ұрыну басым болғандықтан, еркін тақырыпқа жазу тіпті мүмкін болмады. Сөз бостандығына жол берілмеді. Жеке авторлар мен олардың еңбектерін бағалауда талғампаздық жете бермеді. Жеке шығармалар тақырыбына қарап мадақталды, ал кеңестік идеологияға сәйкес келмейтін туын-

дылар өлтіре сыналды. Әдебиетте де дін тақырыбына жазуға тыйым салынды. Атеистер «Дін – апиын» деп ұран тастап, халықты діннен әбден бездіруге бар күштерін салды. Ұлтқа бөліну, дінге бөліну дегеннен мүлдем ада қалған халық кеңестік биліктің айтқанынан шыға алмады.

Бірақ сол дәуірдің өзінде қазақ поэзиясында дін тақырыбына қалам тартқан, діни өлеңдер жазған ақындар да болды. Ол ақындардың шығармалары қатаң сынға алынып, жариялануға тыйым салынды. Соған қарамастан діни мен діліне берік ақындар діни тақырыпта өлеңдерін жаза берді.

Солардың бірі және бірегейі, халқының асыл азаматтарының бірі, артына өшпес мұра қалдырған, ақиық ақын – Мұқағали Мақатаев. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында қазақ поэзиясынан ойып тұрып орын алған, поэзияға өзіндік түр, өрнегін қалыптастырған, жаңалығы мен жаңашылдығын қоса ен-